

**Ауыл мектептерінің 8-11 сынып оқушылары арасында облыстық  
«А.Байтұрсынұлы оқулары-2021» білім сайысын өткізу ЕРЕЖЕСІ**

*А. Байтұрсынұлының шығармашылығына арналған сайыс 2021 жылы 9 қараша күні «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының мәжіліс залында өтеді.*

**I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН МАҚСАТЫ:**

- Алаш қозғалысының қайраткері А. Байтұрсынұлының ағартушылық бағыттағы мұраларын өскелең ұрпаққа насихаттау,

**Міндеттері:**

- мектеп оқушыларының ақын өмірі мен шығармашылығын тануға деген қызығушылықтарын арттыру;
- жаңа буынның интеллектуалдық пайым-парасатын арттыру;
- дарынды оқушыларға қолдау жасау.

**II. Сайысқа қатысушылар:**

А. Байтұрсыновтың оқуларына оқыту тіліне қарамастан, ауыл елдімекендегі мемлекеттік және мемлекеттік емес жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың 8-11-сыныптарының оқушылары қатыса алады.

**III. Сайыс шарттары:**

*А. Байтұрсынұлы оқулары 2 бағыт бойынша өткізіледі:*

- I-номинация «Қырық мысал» ақынның мысалдарын жатқа оқу.
- II-номинация «Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға» - (зерттеу жұмыстары)  
Байқау 2 кезеңнен тұрады: I - аудандық, II – облыстық (аудандық, қалалық кезеңнің жеңімпаздары қатысады).  
Әр номинация бойынша 1 оқушыдан ғана қатыса алады.

**А. Байтұрсынұлы оқуларына қатысушылар туралы өтінім**  
( кестеге сай ұсынылуы тиіс)

**А. Байтұрсынұлы оқуларының «Қырық мысал» номинациясы бойынша.**

<b>№</b>	<b>Оқушының аты-жөні</b> (оқушының аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)	<b>Сыныбы</b>	<b>Облысы, ауданы, мектебі</b> (толық жазылады)	<b>Мұғалімі</b> (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)
<b>1</b>				

**Жатқа орындайтын өлеңдер тізімі:**

- 1.
- 2.
- 3.

**А. Байтұрсынұлының оқуларының «Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға» номинациясы бойынша.**

<b>№</b>	<b>Оқушының аты-жөні</b> (оқушының аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі,)	<b>Сыныбы</b>	<b>Облысы, ауданы, мектебі</b> (толық жазылады)	<b>Мұғалімі</b> (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)
<b>1</b>				

**Орындаған зерттеу жұмысы:**

1. \_\_\_\_\_

## А. Байтұрсынұлы оқуларына қойылатын талаптар

**Мақсаты:** А. Байтұрсынұлының рухымен сырласа отырып, шығармашыл жастар ақынның рухани мұрасының қазіргі заман жастары үшін маңыздылығын өздеріне жаңалық ретінде көрсету.

### Зерттеу аспектілері:

1. Ақынның шығармаларындағы адамзаттық және ұлттық рухани құндылықтар;
2. Бүгінгі күн проблемасымен үндестігі;
3. Ақынның тілдік шеберлігі;
4. Суреткерлік шеберлігі;

### Зерттеу жобасының құрылымы:

Зерттеу: а) тақырыбы

- ә) проблемасы
  - б) проблеманы шешудің болжамы
  - в) пәні мен нысанасы
  - г) мақсат, міндеттері
  - д) әдіс-тәсілдері
  - е) ақпарат көзіне талдау
  - ж) оны шешудің жолдары
- з) алынған нәтижені талқылау, қорытындылау

### Зерттеу жобасына қойылатын талаптар:

- Ғалымдардың тақырыпқа байланысты зерттеу еңбектерін цитата түрінде, немесе сілтеме жасап қолдануға болады;
- зерттеулер бүгінгі күнгі жастардың танымы тұрғысынан ерекшеленуі керек;
- Проблеманы шешуде автордың өзіндік көзқарасы танылуы керек;
- Автордың А. Байтұрсынұлы шығармашылығының бүгінгі күн үшін маңызын аша білуі;
- Жұмыс 5 минуттан аспауы тиіс.
- А. Байтұрсынұлы еңбектерінің өміріндегі, ұлттық ерекшелігі.
- Пайдаланылған әдебиеттер.

### 1-номинация

«Қырық мысал» ақынның мысалдарын жатқа оқу

-қатысушы өзі жаттаған бірнеше мысалдар тізімін өтінішке тіркеп жіберуі тиіс.

-қатысушының қазылар алқасының талабына сай берілген өлеңді жатқа, мәнерлеп оқу деңгейі бағаланады

### 2-номинация

-Қатысушы А.Байтұрсынұлының әліпби жобасын қалыптастырушы тұлға екендігін дәлелдеуі тиіс.

-Дала қоңырауы атанған Ы.Алтынсаринмен үндестігін зерттеуі тиіс.

## Сұрақ – жауап

1. А.Байтұрсынұлының жақсы әдіс, жақсы ұстаз туралы көбірек сөз қылған еңбегін атаңыз.
2. А.Байтұрсынұлының өлеңдер жинағын атаңыз.
3. Қазақстан халқы тілдері мерекесінің 5 қыркүйек деп белгіленуінің сыры неде?
4. А.Байтұрсынұлының Абайды бағалап жазған мақаласын атаңыз.
5. А.Байтұрсынұлының қабілет-қасиетін айтып беріңіз.
6. А. Байтұрсынұлының Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің үлгісінде жазған өлеңін табыңыз.
7. А. Байтұрсынұлының қазақ қоғамы үшін жасаған жаңалығын табыңыз:
8. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде афоризм терминін қалай атайды:
9. Үзіндіні толықтырыңыз.  
Басқадан кем болмас  
үшін біз білімді, бай һәм  
күшті болуымыз керек.....
10. «Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам – Ахмет». Кімнің сөзі?